

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕМІСТЕР: ТАҒДЫРЫ МЕН ТАРИХЫ

Нурлан Ф.Б.

Ғылыми жетекші: Смағұлов. Н.Б., PhD докторы, қауымдастырылған профессор
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.
Firuzanurlan36@gmail.com

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап көпэтносты мемлекет ретінде жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Бұған дейінгі патшалық Ресейдің қоныстандыру саясаты мен кеңестік жүйенің демографиялық инженериясы ел аумағына әр түрлі этнос өкілдерінің қоныстануына жағдай жасаған еді. Сол этностардың ішінде Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтік өмірінде ерекше орны бар қауымдардың бірі - немістер [1, 52 б.]. Олар XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап қазіргі қазақ даласының ажырамас бөлігіндей етіп өмір сүріп, кеңестік кезеңде табиғи өсімнің нәтижесінде сан жағынан республикадағы ең ірі этностардың біріне айналды. Көп жылдар бойы тарихи отанына оралуына түрлі шектеулер қойылғандықтан, 1989 жылғы халық санағында Қазақстандағы немістердің саны шамамен бір миллион адамға жуықтады [4]. Бұл - неміс қауымының Қазақстан тарихындағы ең жоғары демографиялық көрсеткіші болатын. Кеңес Одағы күйреуге бет алған тұста репрессияға ұшыраған халықтардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған маңызды заңдар қабылданды. Осы нормативтік құжаттар немістердің де әлеуметтік мәртебесіне тікелей әсер етіп, олардың тарихи отаны - Германияға көшуіне мүмкіндік берді [9, 112 б.]. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін көші-қон жүйесінің либерализациялануы бұл үдерісті одан әрі күшейтті. 1992-1994 жылдары елден кетіп жатқан немістердің саны шарықтау шегіне жетіп, жыл сайын ондаған мың адам Германияға қоныс аударды. Сол уақыттағы деректерге сүйенсек, дәл осы кезеңде немістер Қазақстаннан ең көп көшкен этностардың бірі болды [2, 63 б.]. Экономикалық дағдарыс, жаңа қоғамдық-саяси жағдайға бейімделудің қиындығы, тарихи отанға оралу мүмкіндігін пайдалану сияқты факторлар бұл үрдісті күшейте түсті. Дегенмен немістердің жаппай көшуінің себептерін тек экономикалық қиындықтармен немесе тарихи отанына деген ұмтылыспен шектеу біржақты пікір болар еді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, олардың сыртқа қоныс аударуына әлеуметтік-мәдени ортадағы өзгерістер, тілдік ортаға қатысты мәселелер, сондай-ақ Германияның өзі жүргізген көші-қон саясаты да ықпал етті [3, 12 б.]. Кеңестік кезеңде немістердің басым бөлігі неміс тілін толық меңгермей, орыс тілін негізгі коммуникациялық құрал ретінде қарастырды. Тарихи атамекендегі тілдік, мәдени, әлеуметтік ортаға бейімделу олар үшін әрдайым жеңіл болмағаны белгілі [5, 94 б.]. 1997 жылы Германия канцлері Гельмут Коль Қазақстанға ресми сапармен келген кезде екі мемлекет арасындағы саяси-экономикалық қатынастармен қатар Қазақстандағы неміс диаспорасының жағдайы да арнайы талқыланды [6, 241 б.]. Қазақстан тарапынан немістердің құқықтары сақталғаны, олардың елдің қоғамдық өміріне еркін араласып отырғаны атап өтілді. Бұл кезеңнен кейін қазақстандық немістер арасында туған жерінде қалуға шақырған қозғалыстар да белсенді бола бастады. 2000 жылдардың басынан бастап Германияға көшушілердің саны айтарлықтай азайды. Тіпті 1990-жылдардың басында Германияға қоныс аударған жүздеген отбасының қайтадан Қазақстанға оралғаны туралы деректер кездеседі [10, 187 б.]. Бұл - тарихи отанына барған этникалық немістердің жаңа ортаға үйренісуінде қиындықтар болғанын көрсетеді. Халық санағының көрсеткіштеріне жүгінсек, 1989-1999 жылдар аралығында немістердің саны бірнеше есе қысқарды. 1999 жылы республикада 353 мыңнан сәл аса неміс тіркелсе [8], 2009 жылғы санақта олардың саны 178 мыңнан аз болды [10]. Бұл - көші-қон процестерінің нақты көрінісі. Дегенмен XXI ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап сыртқа қоныс аудару қарқыны бәсеңдеп, неміс этносының ел ішінде тұрақтану үрдісі байқалды. Аймақтық тұрғыда қарастырғанда, немістердің ең көп шоғырланған өңірлері - Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары болды [2, 91 б.]. Дәл осы аймақтарда олардың саны тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында ең қатты кеміді. Әр өңірде немістердің мәдени бірлестіктері мен этномәдени орталықтары құрылып, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға маңызды әсер етті. Қазақстанда этносаралық келісім мен толеранттылықты қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат немістердің ел ішінде өздерін қауіпсіз және еркін сезінуіне ықпал етті [7, 155 б.]. Неміс диаспорасының қоғамдық ұйымдары мәдениетті, тілді, дәстүрді сақтауға ат салысып қана қоймай, Қазақстанның саяси-әлеуметтік өміріне де өз үлестерін қосты. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінге дейін Қазақстандағы неміс халқының табиғи өсімі күрт төмендеген жоқ, алайда тарихи отанына оралуға байланысты көші-қон көлемі жоғары деңгейде жүргендіктен олардың саны айтарлықтай азайды. Соңғы отыз жыл ішінде 700 мыңға жуық этникалық неміс өз атамекеніне кеткені белгілі [5, 121 б.]. Соған қарамастан Қазақстанда қалған

немістер қазақ халқымен бірге бейбіт өмір сүріп, мемлекет дамуына үлес қосып келеді. Қазақстанның көпэтносты қоғам ретінде қалыптасуына неміс диаспорасының да өзіндік орны бар екенін қазіргі өмірдің өзі дәлелдейді. Қазақстан аумағындағы неміс этносының демографиялық қалыптасуы мен тарихи тағдыры отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектерінде көпқырлы ұғым ретінде қарастырылады. XVIII-XX ғасырлар аралығындағы неміс тілді халықтың империялық және кеңестік кеңістікте орын ауыстыру ерекшеліктерін талдаған В.М. Кабузан еңбегінде немістердің қоныстану динамикасы империялық көші-қон саясатымен тікелей байланыстырылып, этностың сандық өсімі мен географиялық таралуы ұзақ мерзімді статистикалық салыстыру арқылы көрсетіледі [1]. Қазақстандық демографиялық мектеп өкілдері М.Х. Асылбеков пен В.В. Козина Қазақстанның этнодемографиялық құрылымын талдай отырып, республикадағы неміс қауымының сандық көрсеткіштерін әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен және мемлекеттік көші-қон саясатының өзгермелі бағытымен байланыстырып түсіндіреді [2]. Сонымен қатар, «Қазақстанның тарихи демографиясының өзекті мәселелері» атты жинақта ұсынылған зерттеулерде республика халқының этностық құрамындағы өзгерістердің жалпы үрдістері кеңестік кезеңдегі саяси шешімдермен сабақтастырылып, немістердің демографиялық мінездемесіне әсер еткен факторлар кешені көпфакторлы құбылыс ретінде бағаланады [3]. Кеңес статистикалық архивтері мен санақ материалдары, соның ішінде 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша деректер, қазақ жеріндегі немістердің нақты санын, олардың тілдік және этномәдени өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік беретін сенімді фактологиялық база болып табылады [4, 8]. Қосымша тарихи деректер В.В. Козинаның «Қазақстан демографиялық тарихын зерттеген» еңбегінде жүйеленіп, неміс этносының XX ғасырдың соңына дейінгі даму қисыны жаңаша интерпретацияланады [5]. Арнайы қоныстанушылар тағдырына арналған В.Н. Земсков зерттеуінде немістердің 1930-1960 жылдар аралығындағы құқықтық мәртебесі, әлеуметтік шектеулері және кеңестік репрессивтік саясаттың салдары нақты архивтік материалдар негізінде талданады [9]. Ал тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі этносаралық қатынастар мен конфессиялық келісім мәселелерін қарастырған Қ.К. Тоқаев еңбектерінде республикадағы немістердің қоғамдық-саяси интеграциясы, олардың этномәдени құқықтарының қамтамасыз етілуі және Қазақстанның көпэтносты қоғам ретіндегі дамуындағы рөлі кең мазмұнды сипатталады [6, 7].

1999 және 2009 жылғы Қазақстан халық санағының нәтижелері неміс этносының посткеңестік кезеңдегі санының өзгеру қарқынын, табиғи өсімінің төмендеуін және эмиграциялық үдерістердің күшеюін айғақтайды [8, 10]. Бұл көрсеткіштер этностың демографиялық әлеуетіндегі өзгерістерді тарихи себептер мен әлеуметтік-экономикалық трансформациялар тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Осылайша, аталған әдебиеттер жиынтығы Қазақстандағы немістердің тарихи даму траекториясын кешенді түрде ашып көрсетеді: XVIII ғасырдағы қоныс аудару бастауынан бастап, XX ғасырдың ортасындағы репрессиялық көші-қондар мен арнайы қоныстану кезеңіне дейін, әрі тәуелсіздік жылдарындағы этноәлеуметтік интеграциялық үдерістерге дейінгі ұзақ тарихи кеңістікті ғылыми талдауға мүмкіндік береді.

Үш жыл бұрын тоқсанның босағасына таяп барып, Фрида апам өмірден озды. Ол - Қазақстан топырағына тағдыр тәлкегімен жеткен, күштеп қоныс аударылған неміс халқының өкілдерінің бірі еді. Немістердің Орыс империясына қоныстануы I Петр заманынан басталып, II Екатерина тұсында тіпті қарқын алғаны тарихтан белгілі. Сол кезде Еуропадан келген әлденеше әулет Ресейдің батыс өңірлерінде ауыл-қыстақ болып қалыптасты. Қазақ даласына алғашқы неміс отбасылары сол кезеңдерде, империя қызметіндегі әулеттердің құрамында аяқ басты. Ал ресми деректер Қазақстандағы алғашқы неміс ауылын - Фриденфельдті (қазіргі Рождественское) 1885 жылмен байланыстырады. XX ғасырдың басындағы Столыпин реформасы Қазақстанның солтүстігінде Алтенау, Кенигсгоф, Александртал секілді елді мекендердің пайда болуына ықпал етті. 1918 жылдың соңына таман Еділ бойында неміс жұмысшы коммунасы құрылып, 1924 жылы автономиялық республикаға айналды. Украинада да тұтас неміс аудандары бой түзеді. Ұлттық дәстүрін, мәдениетін, тілдік ерекшелігін жоғалтпаған бұл халық бейбіт өмір сүріп жатқандай еді. Бірақ 1930 жылдардағы КСРО-ның қуғын-сүргін саясаты, мал-мүлікті тәркілеу, қуғындау - Еділ, Қырым, Кавказ немістерін амалсыз Қазақстанға көшуге итермеледі. Германияда Гитлер билікке келіп, жаңа фашистік жүйе орныққан кезде Кеңес Одағы неміс ұлтына күдікпен қарап, тыңшылық жасады деп айыптап, мыңдаған адамды ұстап, атқызды немесе жер аударды. Сол толқынның ішінде менің әжеңнің анасы - Фрида апамның да жанұясы болды.

Менің ұлы нағашы әжем - Фрида. Тағдырдың ащысы мен тұщысын қатар татқан, өмір жолы ғасыр тарихының талай бұралаң бетімен астасып жатқан асыл жан. Оның ғұмыры - бір ғана әулеттің емес, тұтас бір халықтың қасіреті мен қайсарлығын бойына жинаған тағылым. Фрида апам 1933 жылы Украинаның батыс өңіріндегі неміс отбасында дүниеге келген. Ол кез - Еуропа мен Кеңес Одағы арасындағы саяси толқындар күшейіп, бір ұлттың тағдыры екінші елдің әмірімен шешіліп жатқан

күрделі уақыт. Әкесі евангелдік-лютеран шіркеуінің қызметкері, адалдық пен діни сенімін ту еткен жан болған. Бірақ сталиндік қуғын-сүргін ешкімді аямайтын: 1937 жылы «құдайға сенгені» үшін «халық жауы» атанып, жазықсыз атылды. Осы трагедия апамның бала жүрегінде жазылмас із қалдырғаны анық. Жесір қалған анасы Герта жеті перзентін жетелеп, соғыс көлеңкелей бастаған шақта «сенімсіз ұлт» ретінде вагонға тиеліп, Сібір мен Қазақстан жаққа депортацияланды. Сегіз айға созылған ауыр жол, аштық, ауру, белгісіздік - соның бәрі Фриданың бала шағын ерте есейткен. Қазақстанға жеткенде олар Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданы Едірей ауылына орналастырылады. Бейтаныс жер, жат тіл, тылсым мәдениет - бұлардың бәрі бір күнде үйреніп кететін нәрсе емес еді. Алайда қазақ халқының кеңдігі мен мейірімі бұл тағдыр тәлкегіне түскен әулеттің жебеушісі болды. Едірейдің абыройлы адамы Мұхамадияр ақсақал неміс отбасын үйіне кіргізіп, барымен бөлісіп, адамдықтың асыл үлгісін көрсетті. Фрида апам қазақтың ортасында ержетіп, тілі мен салтын бойына сіңіріп, елдік қасиеттің қадірін таныды. Қазақ мектебіне барып, жергілікті балалармен бірге жүріп өсті. Өмірдің ауыр жұмысы мен тұрмыс тауқыметі оны шыңдап, пысық әрі тиянақты етіп тәрбиеледі. Ес білген шағында ауылдың еңбекқор жігіті - Ыбырай атама тұрмысқа шығады. Ыбырай атам трактор айдаған, елге қадірлі, мойнына жауапкершілік артылған азамат болған. Екі жастың шаңырағында он бір перзент дүниеге келеді: сегіз қыз, үш ұл. Фрида апам солардың бәрін мәпелеп өсіріп, неміс ұлтының ұқыптылығы мен қазақтың дархандығын қатар ұштастырып, үлкен әулеттің бәйтерегіне айналды. Фрида апамның ең таңғаларлық қасиеттерінің бірі - қазақшаға толық бейімделуі еді. Ол немісше де, орысша да сөйлемей, өмірінің соңына дейін саф қазақ тілінде ғұмыр кешті. Қазақтың дәстүрін құрметтеп, мұсылмандықты қабылдап, бес уақыт намазынан жаңылмады. Көленерге де шебер, ас-суға да епті, жүрекке де жылы адам болғанын көзкөргендер ерекше ықыласпен айтады. 2000 жылдардың басында ол Германияға барып, туған бауыры Ионатанмен қауышады. Бірақ жүрегі сол жақта қалып қоймайды - апамның жаны Едірейді, тері сіңген қазақ даласын аңсап тұратын. Тіпті, өмірден өтер шағында да балаларына:

«Неміс жерін емес, Едірейімді тағы бір көре алмай кетіп барамын...», - деп айтыпты. Бұл оның қазақ еліне деген шексіз сүйіспеншілігінің, осы топыраққа тамырланып кеткен жүрек жылулығының дәлелі. Бүгінде Фрида апамнан өрбіген ұрпақ бір қауым елге айналды: немере-жиендері, шөберелері, жиеншарлары - барлығы өз орнын тапқан, тәрбиелі, текті әулет. Оның ұрпағы қатарында елге танылған атбегі, әлем чемпионы Боран Тергеубеков те бар, қазақ ән өнерінің жарық жұлдызы Гүлбаршын Тергеубекова да осы әулеттің шырайын асырып жүрген тұлғалардың бірі. Фрида апамның ғұмыры - тағдырдың алдында мойымай, ауырдың да, жеңілдің де жүгін тең көтерген қайсар ананың өмірі. Оның тарихы - қазақ пен немістің арасын жалғаған шынайы көпір, жүректен жүрекке жеткен адамдықтың үлгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кабузан В. М. немецкоязычное население в Российской империи и СССР в XVIII-XX веках (1719-1989): Ист. стат. исслед. - М.: 2003. - 218 с.
2. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографические процессы современного Казахстана. - Алматы: Атамұра, 1995. - 125 с.
3. Актуальные проблемы исторической демографии Республики Казахстан // Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған білім мен ғылымның өзекті мәселелері: Халықаралық Форумның материалдар жинағы. Алматы. - 2011.-10-13 б.
4. Всесоюзная перепись населения 1989 года. Национальный состав населения по республикам СССР. Рабочий архив Госкомстата России. Распределение населения по национальности и родному языку. Таблица № 9. Demoscope.ru
5. Козина В.В. Демографическая история Казахстана (конец XIX нач. XXI вв.). - Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. - 145 с.
6. Тоқаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. - Алматы 2002. - 568 б.
7. Назарбаев Н. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2006. - 365 б.
8. Земсков В. Н. Спецпоселенцы в СССР, 1930-1960. - М.: Наука, 2005. - 304 с.
9. ҚР халқының ұлттық құрамы. ҚР 1999 жылғы халық санағының Қорытындылары. - Алматы: 2000. - 1 т. - 201 б.
10. Итоги переписи населения 2009 года в РК. - Алматы, 2010. - 377 с.